

**«АӨК мемлекеттік қолдау» бағытының  
«ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ СУБСИДИЯЛАУ  
ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ: БАСЫМ DAҚЫЛДАР ӨНДІРІСІН ДАМУТУДЫ  
СУБСИДИЯЛАУ» тақырыбы бойынша  
өткізілген кеңестің Есебі**

**«Бостанова Ж.К.» ШҚ**

**Өткізілген күні:**

**«\_05\_»\_қыркүйек 2025 жыл**

**Кеңестің өткізілген орны:**

Алматы қ., Сатпаев көшесі 30 б, Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты

Эксперт: *Мария* Жұмашева Сауле Тоқанқызы

**«Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік  
кешенінің экономикасы және ауылдық  
аумақтарды дамыту ҒЗИ» ЖШС-нің  
Басқарма төрағасы**



**Е.И.Исламов**

## Есептің құрылымы

*1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері:*

*Мемлекеттік қолдау жүйесінің негізгі мәселелері:*

- мемлекеттік қолдаудың көптеген түрлері түпкілікті нәтиже алуға емес, аралық технологиялық процестерді орындауға бағытталған, бұл ретте субсидия алушының жауапкершілігі жоқ, өйткені субсидиялау қағидаларында жұмыс нәтижелілігінің нақты индикаторлары көрсетілмеген;

- субсидиялар алудың көптеген белгіленген өлшемшарттарына және бағдарламалардың күрделілігіне байланысты тәуекелдердің үлкен дәрежесі;

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің көпшілігі үшін субсидиялардың қолжетімсіздігі, субъектілердің, негізінен орта және шағын шаруашылықтардың 80%-ы мемлекеттік көмекке қол жеткізе алмайды;

- мемлекеттік жемшөп қоры құрылмағандықтан, астық бағасының үнемі өсіп отыруына байланысты жоғары өндірістік өзіндік құн;

- ет және жұмыртқа бағытындағы асыл тұқымды тәуліктік тауықтардың нашар дамыған асыл тұқымды базасына байланысты жоғары бағамен әкелінеді;

*2) қойылған проблеманы шешу бойынша сарапшының ұсыныстары немесе қызметті жақсарту бойынша кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңбері;*

*Ұсыныстар*

- субсидиялар алудың негізгі өлшемшарты еңбектің түпкілікті нәтижесі, атап айтқанда өз өндірісінің өткізілген өнімінің көлемі болуы тиіс.

- субсидия алуды жоспарлауды енгізу қажет, бұл мемлекеттік қолдауды, қажетті бюджет қаражатының көлемін дәл есептеуге, инвестициялаудың неғұрлым өзекті бағыттарын қолдану үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді;

- субсидиялау бағдарламасына кіретін басым дақылдар өндірісін дамыту,

- көкөніс өнімінің алқаптарын ашық және жабық топырақта тұқым сатып алуды субсидиялау бағдарламасына енгізу;

- шағын кәсіпкерлік субъектілерін көбірек тарту үшін жұмыс істеп тұрған 1 гектардан жылыжайдың жобалық қуатын төмендету бөлігінде жылыжай кешендерін құру және кеңейту бойынша инвестициялық субсидиялау шарттары бойынша талаптарын орындау;

- ірі қалалар мен облыс орталықтарының айналасындағы азық-түлік белдеулері аудандарында ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер жылыжай салуға, жер учаскелерін алуын ынталандыру, оларды қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету.

*3) Өнім өндірісін ұлғайту/өнімділікті арттыру/өзіндік құнын төмендету сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін әсер және т. б.;*

"Бостанова Ж.К." ШҚ өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге маманданған. Кеңесші өсімдік шаруашылығындағы субсидиялар туралы толықтай баяндап, оны қолдану нәтижелері бойынша күтілетін әсерді нақтылады. Қазақстанда аграрлық секторды дамытудың жаңа жүйесі әзірленді, АӨК субсидиялау моделі қайта

қаралды, бір гектар жерге, ауыл шаруашылығы малдарының басына берілетін қолданыстағы тиімсіз субсидиялар жойылып, неғұрлым тиімді қолдау шараларына бағытталған. Бұл ретте тұқымдарды, минералды тыңайтқыштарды, пестицидтердің, биоагенттердің құнын, басым дақылдарды өндіруді, АШТӨ суын жеткізу жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау қалды. Субсидиялау бағыты бойынша көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін материалдық-техникалық ресурстарды субсидияланады. Мемлекет қабылдаған шаралар көктемгі егіс жұмыстарын уақтылы жүргізуге мүмкіндік берді (егіс алқаптары жоғарлайды.). Басым дақылдар өндірісін субсидиялау бағдарламасы дәндік жүгері, қарақұмық, майлы дақылдар мен қант қызылшасын өсірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді егіс алқаптарын, өндіріс көлемін ұлғайтуға ынталандыруға бағытталған, бұл өз кезегінде өндеуші кәсіпорындардың қуаттылығының отандық өндіріс шикізатымен жүктемесін арттырады және ішкі нарықта қарақұмық пен май өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға ықпал етеді.

Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға бөлінген қаражат 1027 шаруашылық жүргізуші субъектіге шамамен 30,7 мың тонна жоғары репродукциялы тұқымдарды және 14,8 мың бірінші буын будандарының тұқымын себу бірлігін, сондай-ақ 729,6 мың дана элиталық көшеттерді қосымша қаржыландыруға мүмкіндік берді.

ҚР АШМ фермерлерді су үнемдеу технологияларына көшуге, оның ішінде мемлекеттік қолдау шараларын өзгертуге ынталандыруға ниетті. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құны тарифтердің пайыздық қатынасында 50%-дан 85%-ға дейінгі мөлшерде субсидияланады.

2023 жылдан бастап АӨК субсидиялаудың жаңа жүйесі енгізілді, ол барлық фермерлер үшін, олардың шаруашылықтарының мөлшері мен нысандарына қарамастан, мемлекеттік қолдауға тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Өсімдік шаруашылығында бағыттар мен нормативтер сақталған. Қант қызылшасын өсірудің тартымдылығын арттыру үшін оны өндіруді субсидиялау нормативі тоннасына 15 мың теңгеден 25 мың теңгеге дейін ұлғайтылады.

Субсидия алушылар үшін қарсы міндеттемелер енгізіледі. Өндірілген өнімді өткізу әкімдіктермен жасалған меморандумдарға сәйкес (3000 АЕК-ке тең немесе одан асатын сомаға субсидия алған АӨК субъектілері үшін) нарықтық бағалар бойынша СИМ ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылатын болады.

Осылайша, субсидиялаудың жаңа қағидаларының түйінді сәттері мемлекеттік қолдаудың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру, қарсы міндеттемелердің орындалуын бақылауды күшейту, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша жою және цифрландыру есебінен субсидиялар алу рәсімін оңайлату болып табылады.

*4) Сарапшының қатысуымен фотосуреттер;*





*5) Материалдарын тарату (қажет болған жағдайда).*

"Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау: бағыттары мен әдістері", "Фермерлерді форвардты қаржыландыру және субсидиялаудың жаңа жүйесі", "Агроөнеркәсіп кешеніндегі несиелеу: жай күйі, проблемалары, шешу жолдары" презентациялары таратылды